

Акционерлік қоғамдардың қызметі туралы материалдарды жариялауға арналған баспасөз басылымдарының тізбесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директораты 2000 жылғы 14 ақпандағы N 560 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 18 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1092. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 414 (V032626) қаулысымен.

Акционерлік қоғамдарға өздерінің қызметі туралы ақпарат жариялаулары бойынша бақылау жасауды жүзеге асыру мақсатында "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы 2-бабының он жетінші азатжолының, 51-бабы 2-тармағының негізінде және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметтеріне қатысты материалдарды жариялау үшін акционерлік қоғамдар пайдалануға құқылы болатын мерзімді баспасөз басылымдарының мынадай тізбесі белгіленсін:

1) "Егемен Қазақстан" газеті;

2) "Казахстанская правда" газеті;

3) "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналы (акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге және қоғамның ірі мәмілелер жасауына қатысты ақпараттан басқа).

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы:

1) осы Қаулыны акционерлік қоғамдардың назарына жеткізу жөніндегі барлық ықтимал шараларды қолдансын;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұ Л Т Т Ы Қ К О М И С С И Я Н Ы Ң

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК